## «Ешкісабақ, фенхель және өрік сығындыларының кешені» тамаққа биологиялық белсенді қоспасы

*Ешкісабақ (александрлік жапырақ немесе үшкір жапырақты кассия) пайдалы қасиеттері адамдарға ежелгі уақыттан бері белгілі. Ешкісабақ қабылдауымен туындайтын іш жүргізу әсері ішектің жұмысын қалпына келтіреді және іш қатумен күресуге көмектеседі.*
*Сананың құрамында негізгі әсер етуші заттар – айқын іш жүргізу әсері бар антрагликозидтерден тұрады. Әсер ету механизмі асқазан-ішек жолының шырышты қабатының рецепторларын тітіркендіру, секрецияны азайту, сонымен қатар тік ішек бөлігінің жиырылуының артуынан тұрады.*
*Қарапайым фенхель – бұл дәріханалық аскөк сияқты. Халықта оны волох аскөгі, тәтті аскөк деп атайды. Фенхелдің жағымды анисті иісі және тәтті ауыз қуырар дәмі бар. Бұл екіжылдық немесе біржылдық түрде кездесетін көпжылдық шөп өсімдігі. Фенхельдің татымды хош иісті және емдік қасиеттері бар. Жемістерінің құрамында эфир майлары (2–6 %) және майдың (9–12 %) біршама мөлшері, витаминдер әсіресе А провитамині, аскорбин қышқылы (93 % дейін) және Е витамині бар. Сонымен қатар К, $B_1$, $B_2$, РР (никотин қышқылы) витаминдері, биотин, фолий қышқылы және басқалары бар. Натрий (86 мг %), калий (494 мг %), кальций (109 мг %), темір (2,7 мг %) бар.*
*Фенхель ежелден бері медицинада қолданылады. Ежелгі сакс тайпалары оны аурулардың алғашқы тоғыз себептерін емдеген тоғыз киелі шөптердің қатарына қосты. Фенхель жемістері асқа тәбетті арттырады, ас қорыту шырындарының бөлінуіне себепші болады, ауыруды басатын, қақырықты түсіретін, зәр айдайтын, іш жүргізетін, түйілуге қарсы зат ретінде әсер етеді. Фенхель препараттары асқазан және ішек атониясы, диспепсия, тегіс бұлшықеттердің түйілуімен туындайтын асқазан-ішек түйілуінде, метеоризм, бронхит және көкжөтел кезінде тағайындалады.*
*Өріс жемістерінің құрамында алма, лимон, шарап қышқылдары, қант, крахмал, темір, фосфор, илеуіш заттар, магний, күміс, йод қосылыстары, С, В, Р, Н, Е витаминдері, пектин бар. Өріктің пайдалы қасиеттері: гемоглобин деңгейін көтеру, қан түзілу процесін реттеу, есте сақтау қабілетін және ми белсенділігін арттыруу, сонымен қатар ол іш жүргізетін, зәр айдайтын, ісінуге қарсы әсер көрсетеді, ауыр металдар тұздарын шығарады. Өрік анемия, семіздік, жүрек-қантамыр, бүйрек аурулары, іш қатумен зардап шегетін адамдар үшін пайдалы.*

**Шығарылым түрі:** массасы 500 мг 30 таблетка.
**Құрамы:**
**негізгі заттар:** құрғақ өрік шырыны (34,0 %), құрғақ сана сығындысы (13,8 %), құрғақ фенхель сығындысы (2,0 %);
**қосымша заттар:** декстроза (46,8 %), натрий кроскарамеллозасы Е468 (1,0 %), фармакопеялық тальк Е553(iii) (1,0 %), магний стеараты Е470 (1,0 %), аморфты кремний диоксиді (аэросил) Е551 (0,5 %).

**1 таблеткадағы мөлшері:**
Сеннозидтар, кем емес 5 мг

**Қолдану саласы:** тамаққа биологиялық белсенді қоспа, антрахинондардың (сеннозидтер) көзі ретінде ұсынылады.
**Дәрілік зат болып табылмайды.**
Қабылдау бойынша ұсыныстар: ересектерге тамақтану уақытында күніне 1 рет 2 таблеткадан қабылдау қажет. Қабылдау ұзақтылығы – 2 апта. Қабылдау алдында дәрігерден кеңес алу ұсынылады.
**Қарсы көрсетілімдер:** өнім компоненттеріне жеке төзгісіздік, жүктілік, бала емізу кезеңі, диареяға бейімділік, өршу кезеңіндегі асқазан-ішек жолының созылмалы аурулары.
**Сақтау шарттары:** күннің көзінен қорғалған құрғақ және балалардың қолы жетпейтін жерде, температурасы 25 °С төмен жерде сақтау қажет.
**Сату шарттары:** дәріханалар желісі және арнайы дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.
**Жарамдылық мерзімі:** 2 жыл.

26.03.2013 жылғы Мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік № RU.77.99.11.003.Е.002262.03.13.
ТШ 9197-034-54863068-12

**Өндіруші:** «Внешторг Фарма» ЖШҚ, РФ, 105005 Мәскеу қ., Бакунин көшесі, 8-үй, 1-құр, 13-бөлме. Өндіріс мекенжайы: РФ, 601125 Владимир обл., Петушки ауданы, Вольгин ауылы.
**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйым:** «Pharmaline» ЖШС, 050051 Алматы қ., Достық даңғ., 134, «Пионер-2» бизнес орталығы, 4-қабат, 415-кеңсе.
Тел.: +7 (727) 338 48 14, +7 (727) 338 48 15.
**Өнім бойынша барлық құқықтар «Внешторг Фарма» ЖШҚ тиесілі.**